Елубаева Ақмейір Елубайқызының «8D05105 - Биотехнология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін орындалған «Жеміс дақылдарының бактериялық күйіктерімен күресуге арналған микробты препарат әзірлеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

ПІКІР

Қазақстанның өндірістік жеміс шаруашылығында карантиндік дәрежесі бар бактериялық күйік сияқты аурудан туындаған күрделі мәселелер қалыптасуда. Бұл аурумен зақымдану нәтижесінде жеміс бақтарының толықтай жойылып кету қауіпі бар. Раушангүлділер тұқымдасына жататын барлық өсімдіктерге зиянын келтіруі мүмкін. Жеміс дақылдарында кездесетін *E. amylovora* бактериялық күйік қоздырғышының Қазақстан аумағында таралуының басты себептерінің бірі қолайлы табиғи-климаттық жағдайлар, яғни салыстырмалы ылғалдылығы мен жауын-шашын мөлшерінің жоғары болуы. Біздің елде патогенмен күресу үшін тек шетелдік химиялық препарттар ғана қолданылады. Ал, химиялық препараттардың емдік әсерінен бұрын зиянды тұстары біршама. Бұл аурумен күресудің ең тиімді, әрі пайдасы зор әдіс – табиғи абориген штамдар негізінде алынған биопрепараттарды қолдану болып табылады. Сондықтан, соңғы жылдары біздің елімізде бактериялық күйік қоздырғышымен күресу шаралары ретінде патогенді тежей алатын белсенді микроорганизмдер негізіндегі биопрепараттарды әзірлеуге көптеп көңіл бөлінуде. Осы тұрғыдан алып қарағанда Елубаева Ақмейірдің «Жеміс дақылдарының бактериялық күйіктерімен күресуге арналған микробты препарат әзірлеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы өте өзекті мәселені шешуге бағытталғаны анық. Бұл диссертациялық жұмыс 2023-2024 жылдар аралығындағы ҚР БҒМ ҒК «BR18574022 - Жеміс дақылдарының бактериялық күйік ауруымен күресуге арналған микробтық препараттар» мақсатты қаржыландыру бағдарламасы аясында орындалды. Барлық тәжірибелер Елубаева Ақмейірдің өзінің тікелей қатысуымен жүргізілді, әрі берілген барлық жұмысты тиянақты атқара білді.

А.Е. Елубаеваның диссертациялық жұмысының әдебиеттерге шолу жасауы, қойылған мақсаты мен міндеттері, әдістері мен алынған зерттеу нәтижелері, қорытындылары диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыста *E. amylovora* бактериялық күйік қоздырғышына қарсы антагонистік белсенділігі жоғары *Lacticaseibacillus paracasei* М12 сүтқышқылды штамы негізінде алынған отандық биопрепараттардың бірі әзірленді. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері заманауи биотехнологиялық, микробиологиялық, молекулярлық-генетикалық және масс-спектрометриялық газ хроматография әдістері арқылы алынды.

Диссертациялық жұмысты орындау барысында Елубаева Ақмейір өзін ұқыпты, ұйымшыл және жауапты зерттеуші ретінде көрсете білді. Ол мақсаты

мен міндеттерін айқын анықтауға және тұжырымдауға, алынған зерттеу нәтижелерін талдауға жоғары қабілеті бар жас ғалым.

А.Е. Елубаеваның диссертациялық жұмысының негізгі нәтижелері бойынша ашық баспасөзде 14 ғылыми еңбек жарияланды. Оның ішінде 3 мақала *Scopus* немесе *Web of science* деректер базасына енгізілген журналдарда; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған республикалық ғылыми журналдарда 6 мақала; Конференция материалдарында 5 тезис жарияланған. Сондай-ақ, өнертабысқа патент алу үшін ресми сараптамадан оң шешімі алынған 1 өтінімі бар.

Қорыта келе, А.Е. Елубаеваның диссертациялық жұмысы Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін қойылатын барлық талаптарға сай келеді және оның жұмысын «8D05105 - Биотехнология» мамандығы бойынша диссертациялық кеңесте қорғауға жіберілуге лайық деп есептеймін.

Микробиология және вирусология
ғылыми-өндірістік орталығының
Бас директоры, б.ғ.д, проф., академик,
«Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері»,
ҚР ғылым мен техника саласы бойынша
2 мәрте Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты,
«Құрмет» және «Парасат» ордендерінің иегері А.К. Саданов